

ШЕТЕЛ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ МІНБЕСІ
ТРИБУНА ЗАРУБЕЖНЫХ УЧЕНЫХ
TRIBUNE OF FOREIGN SCIENTISTS

FTAMP: 04.51.00

DOI: 10.51889/2959-6270.2024.88.4.009

Мин Цуй¹, М.Туктибаева^{2}, Т.Б. Килыбаев³*

¹ *Флорида Мемлекеттік Университеті (Таллахасси, Флорида, АҚШ)*

² *Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті (Алматы, Қазақстан),*

³ *Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті (Алматы, Қазақстан),*

**e-mail: manshuk_nur91@mail.ru*

ЖАЛҒЫЗБАСТЫ ОТБАСЫЛАРДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ
МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН БЕЙІМДЕЛУ ҮДЕРІСІ

Аңдатпа

Мақалада авторлар 2023 жылы өткізілген сапалық зерттеудің деректеріне сүйене отырып, жалғызбасты отбасында тәрбиеленген балалардың қоғамда психологиялық-әлеуметтік бейімделу ерекшеліктерін анықтауға тырысты. Мақаланың негізгі мақсаты - жалғызбасты отбасылардағы балалардың мінез-құлық үлгілері мен психологиялық-әлеуметтік бейімделу ерекшеліктерін талдау, олардың қалыптасуына әсер ететін факторларды анықтау және осы отбасылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған ұсыныстар әзірлеу.

Мақалада қолданылған негізгі әдіс - тереңдетілген сұхбат. Алматы қаласында тұратын 50 жалғызбасты ата-анамен (45 ана, 5 әке) жүргізілген сұхбаттар QDA Miner бағдарламасы арқылы талданды. Сұхбат материалдары жалғызбасты отбасылардағы балалардың психологиялық-әлеуметтік бейімделуінің ерекшеліктерін, қиындықтарын және оларды шешу жолдарын анықтауға мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелері жалғызбасты отбасылардағы балалардың психологиялық-әлеуметтік бейімделуі бірқатар маңызды факторларға тәуелді екенін көрсетті: отбасының қаржылық жағдайы, екінші ата-ананың қатысу деңгейі, отбасылық қолдаудың сипаты және ата-ана тәрбиесінің стилі. Беделді тәрбие стилін ұстанатын отбасылардағы балалардың эмоциялық тұрақтылығы мен әлеуметтік бейімделуі жоғары деңгейде екені анықталды.

Мақаланың практикалық маңыздылығы - алынған нәтижелер жалғызбасты отбасылардағы балалардың психологиялық әл-ауқаты мен әлеуметтік бейімделуін жақсартуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар мен әлеуметтік қызметтерді жетілдіруге ғылыми негіз бола алады. Сонымен қатар, мақалада ұсынылған тұжырымдар мен ұсыныстар білім беру мекемелері мен әлеуметтік қызметкерлердің жалғызбасты отбасылармен жұмыс істеу тәжірибесін жетілдіруге ықпал етеді.

Түйін сөздер: толық емес отбасы, балаларды тәрбиелеу, әлеуметтену, мінез-құлық ерекшеліктері, балалардың бейімделуі, әлеуметтанулық талдау.

Ming Cui¹, Tuktibayeva M.^{2*}, Kilybayev T.B.³

¹ Florida State University (Tallahassee, FL, USA)

² Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)

³ Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan),

THE FEATURES OF CHILDREN'S SOCIALIZATION IN SINGLE PARENT FAMILY

Abstract

In contemporary societies, family dynamics and the influence of family environment on children's social development are among the most crucial and pertinent issues. Within this context, raising children in single-parent families warrants particular attention, calling for a deeper understanding of the underlying social and psychological mechanisms governing this process.

The overarching aim of our study conducted in November 2023 in Almaty, Kazakhstan was to investigate the behavioral characteristics of children from single-parent families and the socio-psychological factors influencing their adaptation and development. Employing a qualitative approach, in-depth interviews were conducted with 50 single mothers. The interview data were analyzed using QDA Miner software, enabling the prioritization of the most pressing challenges and difficulties voiced by the respondents.

This research holds significant relevance in the context of evolving social dynamics, where the prevalence of single-parent families continues to rise, underscoring the need to understand the nuances of life and child-rearing within such family structure. The novelty of our study lies in the utilization of in-depth interviews with single parents as a qualitative data collection method. This approach facilitated further exploration of the problems and challenges confronting contemporary single-parent families, while concurrently identifying the psychological and social factors impacting children's development and adaptation.

The practical significance of this study resides in the potential application of the obtained data as a foundation for developing social programs and initiatives aimed at enhancing the quality of life for children and single-parent families within society.

Keywords: single-parent family, raising children, socialization, behavioral characteristics, children's adaptation, sociological analysis.

Мин Цуй¹, Туктибаева М.^{2*}, Кильбаев Т.Б.³

¹ Государственный Университет Флориды, г.Таллахасси, Флорида, США

² Казахский Национальный Университет имени Аль-Фараби, г.Алматы, Қазақстан

³ Казахский Национальный Педагогический Университет имени Абая, г.Алматы, Қазақстан

ОСОБЕННОСТИ СОЦИАЛИЗАЦИИ ДЕТЕЙ ВОСПИТЫВАЮЩИХСЯ В НЕПОЛНЫХ СЕМЬЯХ

Аннотация

В современном обществе семейные отношения и влияние семейной среды на социальное развитие детей являются одними из наиболее важных и актуальных вопросов. В этом контексте воспитание детей в неполных семьях требует особого внимания и глубокого понимания социально-психологических механизмов, управляющих этим процессом.

Основной целью нашего исследования, проведенного в ноябре 2023 года в городе Алматы, было изучение поведенческих характеристик детей из неполных семей и социально-психологических факторов, влияющих на их адаптацию и развитие. Используя качественный метод, были проведены глубинные интервью с 50 матерями-одиночками. Данные интервью

были проанализированы с помощью программы QDA Miner, что позволило выявить наиболее актуальные вопросы, поднятые респондентами.

Данное исследование особенно важно в условиях социальной динамики, где число неполных семей продолжает расти, что указывает на необходимость понимания особенностей жизни и воспитания детей в такой семейной структуре. Новизна нашего исследования заключается в использовании глубинных интервью с одинокими родителями как метода сбора качественных данных. Этот подход позволил глубже изучить проблемы и трудности современных неполных семей, а также выявить психологические и социальные факторы, влияющие на развитие и адаптацию детей.

Практическая значимость исследования заключается в возможности использования полученных данных в качестве основы для разработки социальных программ и инициатив, направленных на улучшение качества жизни детей и неполных семей в обществе.

Ключевые слова: неполная семья, воспитание детей, социализация, поведенческие характеристики, адаптация детей, социологический анализ

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Алматы қаласындағы жалғызбасты отбасыларға жүргізілген сапалық зерттеу нәтижелері балалардың психологиялық-әлеуметтік дамуы отбасылық қолдауға тікелей байланысты екенін көрсетті. Мұндай отбасылардың басым көпшілігі қаржылық қиындықтарға тап болып, бұл жағдай балалардың тәрбиесі мен дамуына кері әсерін тигізуде. Сонымен қатар, екінші ата-ананың болмауы балалардың әлеуметтік бейімделуіне және олардың мінез-құлқының қалыптасуына елеулі ықпал етеді. Ата-ана тәрбиесінің авторитарлық рұқсат етуші және беделді стильдерінің ішінде беделді тәрбие стилін ұстанатын отбасылардағы балалардың эмоциялық тұрақтылығы мен әлеуметтік бейімделуі жоғары деңгейде екені анықталды. Зерттеу барысында жиналған деректер жалғызбасты отбасыларға арналған арнайы әлеуметтік қолдау шараларын әзірлеудің өзектілігін растап, бұл мәселені шешудің жаңа тәсілдерін ұсынуға мүмкіндік береді. Анықталған нәтижелер жалғызбасты отбасылардағы балалардың психологиялық әл-ауқаты мен әлеуметтік бейімделуін жақсартуға бағытталған кешенді бағдарламаларды құрастыруға ғылыми негіз бола алады.

КІРІСПЕ

Қазіргі қоғамда жалғызбасты отбасылардың саны артып келе жатқандықтан, осындай отбасыларда тәрбиеленіп жатқан балалардың психологиялық-әлеуметтік бейімделу ерекшеліктерін зерттеу өзекті мәселеге айналып отыр. Жалғызбасты отбасылардағы ата-аналар да, балалар да қоғамда өмір сүру барысында көптеген қиындықтарға тап болады. Оның ішінде жаңа жағдайларға бейімделу, психологиялық бейімделу, сондай-ақ әлеуметтік және экономикалық қиындықтар да осы қатарға енеді.

Жалғызбасты отбасылардың санының артуы жаһандық құбылыс. Зерттеулер көрсеткендей, әлемдегі балалардың шамамен 15%-ы жалғызбасты отбасыларда өмір сүреді [1]. Бұл статистика әртүрлі мәдени контекстегі жалғызбасты отбасылардың бірегей тәжірибесі мен қажеттіліктерін түсінудің маңыздылығын көрсетеді. Біздің ойымызша, жалғызбасты отбасылардағы балалардың психологиялық-әлеуметтік бейімделуін зерттеу олардың қажеттіліктерін анықтауға және тиісті қолдау шараларын әзірлеуге мүмкіндік береді.

Тек АҚШ-та жалғызбасты ата-анамен тұратын балалардың үлесі 1968 жылдан бері екі есеге артып, 2020 жылы 23%-ға жетті [2]. Бұл үрдіс әлемдік деңгейде жалғызбасты отбасылардың проблемаларына көбірек көңіл бөлу қажеттілігін көрсетеді.

Мақаланың негізгі мақсаты - жалғызбасты отбасылардағы балалардың мінез-құлық үлгілері мен психологиялық-әлеуметтік бейімделу ерекшеліктерін талдау, олардың қалып-

тасуына әсер ететін факторларды анықтау және осы отбасылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеудің негізгі гипотезалары:

- Жалғызбасты отбасылардағы балалардың психологиялық-әлеуметтік бейімделуі отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайына тікелей байланысты;

- Ата-ана тәрбиесінің стилі балалардың мінез-құлқы мен әлеуметтік бейімделуіне айтарлықтай әсер етеді;

- Отбасылық қолдау деңгейі жоғары болған сайын, балалардың психологиялық-әлеуметтік бейімделуі де жоғары болады.

Қазақстанда жалғызбасты отбасылар саны артып келе жатқандықтан, осындай отбасыларда балаларды тәрбиелеу ерекшеліктерін түсіну және тиісті қолдау стратегияларын әзірлеу өте маңызды. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәліметі бойынша, елдегі жалғызбасты отбасылар саны соңғы он жылда 12%-ға өсті, олардың көпшілігін жалғызбасты аналар құрайды [3]. Біздің пікірімізше, бұл статистика мемлекеттік деңгейде жалғызбасты отбасыларға арналған арнайы қолдау шараларын әзірлеу қажеттілігін көрсетеді.

Бұл үрдіс әртүрлі факторларға байланысты, оның ішінде ажырасу деңгейінің жоғарылығы, жесірлік және дәстүрлі емес отбасылық құрылымдардың қабылдануының өсуі [4].

Қазақстандағы жалғызбасты отбасылардың тәжірибесін жан-жақты түсіну үшін зерттеуге қатысатын отбасылардың демографиялық сипаттамаларын ескеру маңызды. Қазақстан – қазақтар, орыстар, өзбектер және басқа да этникалық топтардан тұратын мәдени әртүрлі ел [5]. Бұл зерттеу аясында қазақ тілді жалғызбасты ата-аналармен сұхбаттар жүргізілді. Нәтижесінде біз нақты демографиялық топтың субъективті пікірлерін және жалғызбасты отбасында өмір сүру тәжірибесі туралы құнды мәліметтер алдық.

Қазақ мәдениеті отбасылық құндылықтарға, туыстық байланыстарға және дәстүрлі гендерлік рөлдерге көп көңіл бөледі [6]. Осы тұрғыда жалғызбасты ата-ана мәдени ортадағы қиындықтарға және кемсітулермен байланысты белгілі бір қиындықтарға тап болуы мүмкін. Мысалы, Қазақстандағы жалғызбасты аналар қайта тұрмыс құруда немесе отбасылық қолдау алуда әлеуметтік қысым көрсе, жалғызбасты әкелер бір мезгілде негізгі асыраушы және қамқоршы болумен қатысты қиындықтармен кездесуі мүмкін [7].

Қазақ тілді жалғызбасты ата-аналардың тәжірибесіне назар аудара отырып, бұл зерттеу осы топтың бірегей қиындықтары мен күресу стратегияларын анықтауға бағытталған. Мәліметтерді жинаудың сапалық әдісі – тереңдетілген сұхбат зерттеуге қатысушылардың субъективті пікірлері мен өмірлік тәжірибесін егжей-тегжейлі зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл зерттеу әртүрлі мәдени мәнмәтіндегі жалғызбасты ата-анадан құралған отбасы туралы әдебиеттер жиынтығын толықтырады және Қазақстан мен одан тыс жерлерде жалғызбасты отбасыларға арналған мәдени қолдау жүйелерін қалыптастыруға ықпал етуі мүмкін.

ҒЫЛЫМИ ӘДЕБИЕТТЕРГЕ ШОЛУ

Соңғы бес жылда әртүрлі әлеуметтік-мәдени ахуалда жалғызбасты отбасылардағы өмірдің түрлі аспектілерін анықтаған бірқатар зерттеулер жүргізілді. Осындай зерттеулердің бірі – М. Лопес және оның әріптестерінің жұмысы [8]. Олар ата-аналардың ажырасуы балалардың психологиялық әл-ауқатына әсерін зерттеп, оған баса назар аударды. Испаниядағы ажырасқан отбасылардан тәрбиеленіп шыққан 8-16 жас аралығындағы 1200 баланы қамтыған зерттеу жүргізілді. Нәтижесінде екі ата-анасымен үнемі байланыста болған және жеткілікті эмоциялық қолдау алған балалар қолдау көрсетілмеген балаларға қарағанда түрлі ортаға жақсырақ психологиялық бейімделетіні анықталды. Авторлар бірлескен ата-аналықтың маңыздылығын және ажырасудан кейін ата-ана мен бала арасындағы жағымды қарым-қатынасты насихаттайтын әрекеттердің қажеттілігін атап өтті.

Дэвид Смит және оның әріптестері жүргізген тағы бір зерттеу әлеуметтік қолдаудың жалғызбасты отбасылардағы балалардың бейімделуіне әсерін талдады [9]. Ұлыбританиядағы 500 жалғызбасты отбасына жүргізілген зерттеу көрсеткендей, отбасы мүшелерінен, достарынан және мектеп қызметкерлерінен тұрақты қолдау алған балалар төзімділіктің жоғары деңгейін және жақсы академиялық нәтижелерді көрсетті. Бұл нәтижелер жалғызбасты ата-анасы бар үй жағдайындағы балаларда кездесетін қиындықтарды жеңілдетуде әлеуметтік желілердің шешуші рөлін көрсетті.

Джессика Кларк және оның әріптестерінің жұмысы да осы зерттеу тақырыбында назар аударарлық. Олар жалғызбасты отбасылардан шыққан балалардағы оң (дұрыс) бейімделу стратегияларын дамытудағы ата-аналық қолдаудың рөліне назар аударды [10]. АҚШ-тағы 25 жалғызбасты ата-ана және олардың балаларымен терең сұхбаттарды қамтыған сапалық зерттеу балалардың сәтті бейімделуіне ықпал ететін бірнеше негізгі факторларды анықтады. Мысалы, ашық қарым-қатынас, эмоциялық валидация және өзіндік тиімділікті насихаттау. Авторлар осы салаларға бағытталған әрееттер жалғызбасты отбасылардан шыққан балалардың төзімділігін арттыруға көмектесе алады деп болжады.

Бұл және басқа да көптеген зерттеулер қазіргі қоғамдағы жалғызбасты отбасыларға арналған тиімді қолдау стратегияларын одан әрі зерттеу мен дамытудың маңыздылығын көрсетеді. Л. Ванг және оның әріптестері жүргізген мета-талдау жалғызбасты отбасылардағы балалардың әл-ауқаты туралы 78 зерттеуді қарастырып, бұндай балалар жағымсыз нәтижелердің жоғары қаупіне тап болуы мүмкін болса да, олардың ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыратын нысаналы әрекеттер мен саясат олардың әл-ауқатын айтарлықтай жақсартатынын анықтады [11].

Сонымен қатар, зерттеуші С. Рексидлер және оның әріптестері отбасылардың қаржылық жағдайының жалғызбасты аналардың әл-ауқатына әсерін зерттеп, төрт негізгі топты анықтады [12]. Бұл зерттеудің нәтижелері Германиядағы 22 000-нан астам респонденттің деректеріне негізделген. Авторлар жасырын класс талдауын қолдана отырып, қаржылық әл-ауқатына байланысты жалғызбасты аналардың ерекше топтарын анықтады: экономикалық жағынан ең қолайсыз топтағылар психологиялық күйзелістің ең жоғары деңгейі мен өмірге қанағаттанудың ең төмен деңгейін көрсеткенін анықтады. Зерттеу жалғызбасты ата-аналар популяциясындағы гетерогенділікті ескерудің және нысаналы қаржылық қолдау мен психикалық денсаулығына қолдау қажеттілігін атап көрсетеді.

Бұған қоса, соңғы зерттеулер жалғызбасты ата-аналар туралы әдебиетте жиі назардан тыс қалатын демографиялық топ – жалғызбасты әкелер кездесетін қиындықтарды да қамтиды. Джонсон және әріптестерінің зерттеуі АҚШ-тағы жалғызбасты әкелердің тәжірибесін зерттеп, олар кездесетін ерекше стресс факторларын, мысалы, қоғамдық стигма, жұмыс пен отбасының қақтығысы және олардың қажеттіліктеріне бейімделген қолдау қызметтеріне шектеулі қол жетімділікті атап көрсетті [13]. Авторлар жалғызбасты әкелердің тәжірибесіне көбірек назар аудару жұмыстарын дамытуды талап етеді.

Жалғызбасты отбасылардың саны әлемде артып келе жатқандықтан, әртүрлі мәдени мәнмәтіндегі бұл отбасылардың алуан тәжірибесі мен қиындықтарын түсіну үшін зерттеу күш-жігерін кеңейту өте маңызды. Болашақ зерттеулер жалғызбасты ата-аналар мен олардың балаларының өміріне әсер ететін бірегей әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси факторларды ескере отырып, олардың әл-ауқатын арттыратын қолдау жүйелерін анықтауға бағытталуы керек. Сонымен қатар, зерттеушілер жалғызбасты отбасылардың тәжірибесін қалыптастырудағы гендер, нәсіл, этникалық және жыныстық бағдар сияқты әртүрлі сәйкестік факторларының өзара әрекеттесуін қарастыратын интерсекционалды тәсілдерді қабылдауға ұмтылуы керек. Осылайша, біз осы отбасыларды қолдаудың неғұрлым жан-жақты және тиімді стратегияларын әзірлеуге жақсы мүмкіндік алып, олардың қажеттіліктері әлеуметтік саясат пен бағдарламаларда тиісті түрде қарастырылуын қамтамасыз ете аламыз.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСНАМАСЫ

Мақала авторлары 2023 жылдың қараша айында Алматы қаласында жалғызбасты отбасылардағы балалардың мінез-құлық ерекшеліктерін зерттеу үшін сапалы әлеуметтанулық зерттеу жүргізілді. Зерттеудің негізгі мақсаты жалғызбасты ата-аналардың бала тәрбиелеу кезінде кездесетін ең өзекті мәселелерін анықтау, ата-аналардың көзқарасы бойынша жалғызбасты отбасылардан шыққан балалардың мінез-құлық үлгілерін зерттеу және олардың қоғамда әлеуметтенуіне әсер ететін әлеуметтік-психологиялық факторларды зерделеу болды. Зерттеуде Алматы қаласында тұратын және екінші ата-ананың көмегінсіз бала тәрбиелеу тәжірибесі бар жалғызбасты ата-аналарды іріктеу критерийлеріне сәйкес мақсатты іріктеу әдісі қолданылды.

Толық және жан-жақты деректер жинау үшін негізгі деректер жинау әдісі ретінде жартылай құрылымдалған тереңдетілген сұхбаттар таңдалды. Жартылай құрылымдалған тәсіл барлық сұхбаттарда негізгі тақырыптардың дәйекті түрде қарастырылуын қамтамасыз ете отырып, пайда болатын тақырыптарды зерттеуде икемділікке мүмкіндік берді. Сұхбат нұсқаулығы жалғызбасты отбасылар мен балалардың дамуы туралы қолданыстағы әдебиеттерді мұқият шолу негізінде әзірленді және тиісті ақпаратты алудағы оның айқындылығы мен тиімділігін бағалау үшін жалғызбасты ата-аналардың шағын үлгісімен сынақтан өткізілді.

Сұхбаттар екінші ата-ананың көмегінсіз бала тәрбиелеу тәжірибесі бар 50 жалғызбасты ата-анамен, негізінен жалғызбасты аналармен ($n = 45$) жүргізілді. Іріктеме көлемі деректердің қанығу принципі негізінде анықталды, яғни сұхбаттардан жаңа тақырыптар немесе түсініктер пайда болмайынша деректер жинау жалғасты. Сұхбаттар респонденттердің жайлылығы мен құпиялылығын қамтамасыз ететін жағдайларда, мысалы, олардың үйінде ($n = 35$) немесе телефон арқылы ($n = 15$) жүргізілді. Алынған нәтижелердің сенімділігі мен жарамдылығын арттыру мақсатында сұхбаттар тыныш ортада және үшінші тараптардың әсері жоқ жерде жүргізілді. Сұхбат басталар алдында барлық қатысушылардан сұхбатқа өз еркімен қатысуы туралы келісім алынды және зерттеу процесінде құпиялылық сақталды.

Тереңдетілген сұхбаттарды қолдану туралы шешім зерттеу мәселесін егжей-тегжейлі зерттеу қажеттілігіне және көбінесе респонденттердің психологиялық жағдайына байланысты субъективті пікірлер мен тәжірибелерді анықтау ниетіне негізделді. Сандық сауалнама тәсілі жиналған деректердің тереңдігі мен нәзіктігін шектеуі мүмкін еді. Сондықтан сұхбат жүргізу кезінде сұхбат орны және респонденттердің әңгімелесуге ең қолайлы уақыты сияқты факторларға ерекше назар аударылды. Сұхбаттар 60-90 минутқа созылды және қатысушылардың рұқсатымен аудио жазылды.

Сұхбаттар сөзбе-сөз жазылып, алынған деректер кодтау және талдау үшін QDA Miner сапалық деректерді талдау бағдарламасына енгізілді. Деректерді талдау алдын ала белгіленген санаттарды енгізудің орнына, деректерден тақырыптар мен үлгілердің пайда болуына мүмкіндік беретін индуктивті тәсілге негізделді. Бастапқы кодтау процесі транскрипттерді кодтауды, одан кейін кеңірек санаттар мен тақырыптарды анықтауды қамтыды. Тереңдетілген сұхбаттар Алматы қаласындағы жалғызбасты ата-аналардың тәжірибесі мен қиындықтарын және олардың балаларының мінез-құлық ерекшеліктерін түсінуді қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл зерттеудің нәтижелері аймақтағы жалғызбасты отбасылардың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған нысаналы әрекеттер мен қолдау жүйелерін әзірлеуге ақпарат беруге және әртүрлі мәдени мәнмәтіндегі жалғызбасты ата-аналық пен балалардың дамуы туралы кеңірек әдебиетке үлес қосуға әлеуетті.

ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ МЕН ТАЛҚЫЛАУ

Төменде 50 респондентпен (45 ана және 5 әке) жүргізілген сұхбаттардың талдау нәтижелері келтірілген.

1-кесте. Респонденттердің жасы

Жасы	Саны	Жалпы респондент санынан пайыздық үлесі
18-30 жас	6	12%
31-40 жас	23	46%
41-50 жас	17	34%
51-60 жас	4	8%
Барлығы:	50	100%

1-кестеде сауалнамаға қатысушылардың жартысына жуығы ($n = 23$, 46%) 31-40 жас аралығындағы жалғызбасты ата-аналар екендігі көрсетілген. Одан кейін 41-50 жас аралығындағы респонденттердің үштен бірі орналасты ($n = 17$, 34%). Ал толық емес жас отбасылардың саны өте аз ($n = 6$, 12%) болды.

2-кесте. Респонденттердің жасына байланысты балаларды тәрбиелеу тәжірибесі

Тәжірибесі (жыл)	18-30 жас	31-40 жас	41-50 жас	51-60 жас	Барлығы
1-2 жыл	4%	4%		2%	10%
3-5 жыл	8%	14%	8%		30%
6-10 жыл		18%	18%	4%	40%
11-15 жыл		6%	6%		12%
16-20 жыл		2%	2%		4%
21-25 жыл		2%		2%	4%
Барлығы:	12%	46%	34%	8%	100%

Алынған деректер негізінде (2-кесте), 31-40 және 41-50 жас аралығындағы жалғызбасты ата-аналардың балаларды жалғыз тәрбиелеу тәжірибесі ең көп екенін көруге болады (әрқайсысы 6-10 жыл).

Бір отбасында тәрбиеленетін балалар санының көрсеткіштері келесідей:

- жалғызбасты отбасында 5 бала – 2%;
- жалғызбасты отбасында 4 бала – 8%;
- жалғызбасты отбасында 3 бала – 30%;
- жалғызбасты отбасында 2 бала – 22%;
- жалғызбасты отбасында 1 бала – 38%.

Ең жиі кездесетін санат бір баласы бар жалғызбасты отбасылар (38%) болды, одан кейін 3 баласы бар (30%) және 2 баласы бар (22%) отбасылар, ал сұхбатқа қатысушылар арасында көп балалы (4-5 бала) отбасылар аз болды.

Біздің зерттеу нәтижелерін басқа зерттеушілердің жұмыстарымен салыстыра отырып, бірқатар маңызды сәйкестіктер мен айырмашылықтарды атап өтуге болады.

Біріншіден, біздің зерттеуде анықталған қаржылық қиындықтар мәселесі (респонденттердің басым көпшілігі атап өткен) Т.К. Ростовская және әріптестерінің [14] Ресейде жүргізген зерттеу нәтижелерімен сәйкес келеді. Олардың зерттеуінде де жалғызбасты аналардың 56,9%-ы қаржылық қиындықтарды басты мәселе ретінде көрсеткен. Алайда, біздің зерттеуде қаржылық қиындықтардың психологиялық салдары (мысалы, балалардың өзін-өзі бағалауына әсері) тереңірек зерттелді.

Бұл, біздің зерттеудегідей, басым көпшілік. Бұл нәтижелер жалғызбасты отбасылардың тұрақты экономикалық қиындықтарын көрсететін соңғы зерттеулермен сәйкес келеді [15].

Екіншіден, біздің зерттеу Қазақстандағы жалғызбасты отбасылардың ерекше мәдени контекстін анықтады. К. Айдарбекова және әріптестерінің [7] зерттеуінде көрсетілгендей, қазақ қоғамында жалғызбасты ата-аналар дәстүрлі отбасылық құндылықтарға байланысты қосымша әлеуметтік қысымға тап болады. Біздің зерттеу бұл тұжырымды растай отырып, осы қысымның балалардың психологиялық-әлеуметтік бейімделуіне әсерін анықтады.

Үшіншіден, біздің зерттеу нәтижелері М.А. Лопес және әріптестерінің [8] екі ата-анамен үнемі байланыста болған балалардың жақсырақ психологиялық бейімделетіні туралы қорытындыларын растайды. Дегенмен, біздің зерттеу бұл үрдістің мәдени ерекшеліктерге байланысты өзгеруі мүмкін екенін көрсетті.

Екінші ата-ананың болмауы да маңызды фактор болып табылады. Ата-аналар, әсіресе, ұл балаларды тәрбиелеуде әкенің немесе екінші ата-ананың қатысуының маңыздылығын атап өтеді. Олар тәрбиенің кейбір аспектілерін немесе белгілі бір тұстарын екінші ата-ананың қатысуынсыз беру қиын деп санайды. Кейбір ата-аналар жалғыздық сезіміне немесе ата-ананың эмоциялық қолдауы мен махаббатының жетіспеушілігіне байланысты психологиялық қиындықтарды да атап өтеді. Тәрбие және білім беру де қиындық тудырады. Кейбіреулер жасөспірімдерді тәрбиелеудегі қиындықтарды, әсіресе өтпелі кезеңдерде немесе жасөспірімдік дағдарыс кезінде, сондай-ақ екінші ата-ананың қатысуынсыз балаларды оқытудағы қиындықтарды атап өтті. Балаға күтім жасаудың әртүрлі аспектілері де проблемалық болып табылады. Кейбір ата-аналар балаларының бос уақытын өткізуде, үй шаруашылығында және екінші ата-ананың қатысуынсыз баланы сабаққа немесе мектепке апаруда қиындықтар туындайтынын айтады.

Бұл қиындықтар жалғызбасты ата-аналар бастан кешіретін ата-аналық стресс пен рөлдік қысымның жоғарылауы туралы соңғы зерттеулермен сәйкес келеді [16].

Біздің зерттеудің бірегейлігі ең алдымен Қазақстандағы жалғызбасты отбасылардың мәдени ерекшеліктерін ескере отырып, психологиялық-әлеуметтік бейімделу факторларын кешенді талдауда көрінеді. Қазақ қоғамындағы дәстүрлі отбасылық құндылықтар мен қазіргі заманғы әлеуметтік өзгерістердің тоғысында жалғызбасты отбасылардың жағдайын терең түсіну үшін сапалық зерттеу әдісі қолданылды, бұл жалғызбасты ата-аналардың тәжірибесін, олардың күнделікті өмірдегі қиындықтары мен оларды жеңу стратегияларын егжей-тегжейлі зерттеуге мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, зерттеуіміздің тағы бір маңызды ерекшелігі - ата-ана тәрбиесі стилінің балалардың бейімделуіне әсерін қазақстандық мәдени контекст аясында талдау. Бұл тәсіл жалғызбасты отбасылардағы тәрбие үдерісінің ерекшеліктерін және оның балалардың психологиялық-әлеуметтік дамуына әсерін жан-жақты түсінуге, сондай-ақ осы отбасыларға қолдау көрсетудің тиімді тетіктерін анықтауға мүмкіндік берді.

Жалғызбасты отбасылардың отбасылық динамикасында бір ата-ананың болмауы балалардың психологиялық әл-ауқатына айтарлықтай әсер етеді. Ұсынылған деректерден балалардың ата-анасынан ажырасуына деген реакциялары мен эмоциялық жағдайлары жеке болып табылатыны және жас, бұрынғы қарым-қатынастардың сапасы, эмоциялық қолдау мен ортаның болуы сияқты әртүрлі факторларға байланысты өзгеруі мүмкін екені көрінеді.

Ата-әжелер, ағалар, әпкелер сияқты басқа туыстардың қолдауы жалғызбасты отбасылардан шыққан балалардың өмірінде маңызды рөл атқарады. Бұл тек эмоциялық қолдау ғана емес, сонымен қатар күнделікті тіршілікке байланысты практикалық көмек те болуы мүмкін. Бұл балалардың стресс деңгейін төмендетуге және жаңа жағдайларға жақсы бейімделуге көмектеседі. Сондай-ақ, зерттеу көрсеткендей, ата-анасының біреуінің кетуіне байланысты психологиялық қиындықтарға тап болған балалар үшін психологиялық көмек маңызды. Білікті психологтармен жұмыс істеу балаларға өз эмоцияларын білдіруге, стресспен күресуді үйренуге және күресу дағдыларын дамытуға көмектесе алады. Алайда, отбасының ішіндегі эмоциялық қолдаудың болуы да маңызды фактор болып табылады. Бұл ғылыми жұмыста зерттелген көптеген жалғызбасты аналар қарым-қатынас жасау, олардың сезімдерін тыңдау

және ашықтық пен қауіпсіздік ортасын құру арқылы балаларының эмоционалдық әл-ауқатын белсенді қолдайды.

Бұл нәтижелер ата-аналардың ажырасуынан кейін балалардың төзімділігін арттыруда қолдаушы ата-аналық тәрбие мен отбасылық қарым-қатынастың қорғаныс ролін атап көрсететін соңғы зерттеулерде айрықша аталып кеткен еді [17].

Тек бір ата-анамен тұратын балалардың көзқарастары мен дүниетанымын зерттеу әлеуметтік және психологиялық бейімделудің қызықты аспектілерін анықтайды. Әлеуметтанулық талдау жалғызбасты ата-аналардың жауаптарын бірнеше ортақ тақырыпты анықтауға мүмкіндік береді. Біріншіден, жақын қарым-қатынас пен эмоциялық қолдау маңызды рөл атқарады. Көптеген ата-аналар ажырасқаннан кейін балаларына жақынырақ және қамқорлау бола бастағанын айтады. Кейбіреулері балаларының жанашырлық пен ашықтық танытатынын, ал кейбіреулері сенімнің артқанын айтады.

Сонымен бірге олар баланың мінезіндегі өзгерістер де байқала бастағанын алға тартты. Кейбір ата-аналар жауапкершіліктің артуын, ал басқалары ашуланшақтық немесе оқшаулану сияқты мінездегі әртүрлі өзгерістердің пайда болуын атап өтеді. Бейімделу қиындықтары мен эмоционалдық өзгерістер де байқалады. Ата-аналар бейімделудегі қиындықтарды, қарым-қатынастағы немесе эмоциялық ауытқуларды атап өтеді.

Бұл деректерді психологиялық аспектілерді тереңірек анықтауда пайдалануға мүмкіндік береді. Балалардағы эмоциялық өзгерістер отбасы ішіндегі өзгерістерге, мысалы, ажырасуға немесе ата-ананың болмауына байланысты реакциялардан туындайды. Ата-аналардың төрттен бірі мұны негізгі себеп ретінде атап өтеді. Бейімделу және қорғаныс механизмдерін қолдану да рөл атқарады. Алайда, ата-ананың эмоциялық қолдауы бұл процесте шешуші рөл атқарады: ата-аналардың жартысы бейімделу процесінде балаларын қолдау мен қамқорлықтың маңыздылығын атап өтті. Осылайша, жалғызбасты отбасылардан шыққан балалардың көзқарастары мен дүниетанымын талдау олардың әлеуметтік және эмоциялық бейімделу ерекшеліктерін түсінуге, сондай-ақ осы процестегі ата-аналардың ролін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл нәтижелер балалардың ата-аналардың ажырасқанына бейімделуін қалыптастырудағы жеке, отбасылық және контекстік факторлардың күрделі өзара әрекеттесуін көрсететін соңғы зерттеулермен сәйкес келеді [18].

Сұхбат барысында қазіргі уақытта ата-аналар мен балалар арасында, сондай-ақ балалар мен олардың құрдастары арасында қандай қарым-қатынас қалыптасқанын білу қызықты болды. Жалпы жауаптардан жалғызбасты отбасылардан шыққан балалардың көпшілігінде отбасы ішінде және туыстарымен жылы және қолдаушы қарым-қатынас бар деген қорытынды жасауға болады. Дегенмен, отбасылық қарым-қатынастардың табиғи бөлігі болып табылатын жанжал жағдайлары да кездеседі. Отбасылық қолдау жалғызбасты отбасылардағы балалардың эмоционалдық әл-ауқаты мен дамуында маңызды рөл атқарады.

Диана Баумринд өз зерттеуіне сүйене отырып, ата-ана тәрбиесінің үш негізгі стилін анықтады: авторитарлық, рұқсат етуші және беделді. *Авторитарлық тәрбие* жоғары талаптармен және төмен жауап қайтарумен сипатталады. Мұнда ата-аналар баланың бағынуына, билікке құрметпен қарауға және ережелерді сақтауға баса назар аударады. *Рұқсат етуші тәрбие* төмен талаптармен және жоғары жауап қайтарумен сипатталады, мұнда ата-аналар жұмсағырақ, тәрбиелеуші және қатаң нұсқаулар қоюға бейім емес. Ең теңгерімді тәсіл болып саналатын *беделді тәрбие* жоғары талаптарды жоғары жауап қайтарумен біріктіреді, мұнда ата-аналар балаларымен ашық қарым-қатынасты қолдай, тәрбиелей және ынталандыра отырып, нақты күтулерді белгілейді. Бұл ата-аналық стильдерді жылылық пен бақылаудың әртүрлі деңгейлері ретінде түсіндіруге болады: беделді тәрбие жоғары жылылық пен жоғары бақылауды, авторитарлық тәрбие төмен жылылық пен жоғары бақылауды, ал рұқсат етуші тәрбие жоғары жылылық пен төмен бақылауды көрсетеді [19].

Соңғы зерттеулер бұл тәрбие беру стильдерінің балалардың әлеуметтік және эмоциялық дамуына әртүрлі әсерін растады. Беделді ата-аналық тәрбие (жоғары жылылық, жоғары бақылау) ең жағымды нәтижелермен байланысты [20].

Сонымен қатар, ата-аналар қарым-қатынас құру кезінде балаларының жас ерекшеліктерін ескеруі керек. Мысалы, Байокко және оның әріптестері кіші жастағы балалардың үлкен балалар мен жасөспірімдерге қарағанда өзін-өзі бағалауы жоғары екені дәлелдеген [21]. Бұл кіші жастағы балаларда өзін-өзі бағалау процесіне қатысу қабілеті әлі жоқ екендігіне байланысты болуы мүмкін және олардың өзін теріс көзқарастан қорғайтынын дәлелдейді.

Осы орайда жалғызбасты отбасылардағы балалардың дамуына арналған әрекеттер мен қолдау стратегияларының қажеттілігі өте зор [22].

«Отбасылық қолдау және оның жалғызбасты отбасылардағы балаларға әсері» туралы сұрақ.

Жалғызбасты отбасылардағы балаларды қолдау әртүрлі формада көрініс табуы мүмкін, әрқайсысының олардың әл-ауқатына өзіндік әсері бар:

Эмоциялық қолдау: эмоциялық қолдау көрсететін туыстар, әкелер немесе үлкен ағалары мен әпкелері балалардың сенімділігі мен өзін-өзі бағалауын қалыптастыруға көмектеседі, бұл оларға эмоциялық қиындықтармен күресуге, стрессті жеңілдетуге және психологиялық жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді [23].

Әлеуметтік қолдау: отбасылық қолдау балалардың әлеуметтік жағдайларға бейімделуіне және әлеуметтік дағдыларды дамытуға көмектесе алады, оның ішінде академиялық қолдау, тәлімгерлік және күнделікті мәселелерді шешуде практикалық көмек көрсету [24].

Тұрақтылық және қауіпсіздік: бір ата-анасы жоқ жалғызбасты отбасыларда отбасының басқа мүшелерінің балаларға тұрақтылық пен қауіпсіздік сезімін қамтамасыз етудегі рөлі өте маңызды. Бұл психологиялық әл-ауқат үшін маңызды қолдау мен қорғаныс сезімін қалыптастырады [25].

Рөлдік модельдер және ата-ананың қолдауы: отбасының үлкен мүшелері жалғызбасты отбасылардағы балалар үшін үлгі бола алады, оларға құндылықтарды, әлеуметтік және моральдық принциптерді дамытуға көмектеседі. Зерттеулер көрсеткендей, жақын туыстардың қолдауы баланың жеке тұлғасының қалыптасуына айтарлықтай әсер етуі мүмкін (Mahrer et al., 2021).

Өзгерістерге бейімделу: Отбасылық қолдау балаларға жалғызбасты отбасылармен байланысты өзгерістерге, мысалы, ажырасу күйзелісіне, отбасы мүшесінен айырылуға немесе жағдайдың өзгеруіне жақсырақ бейімделуге көмектеседі [26].

Зерттеулер көрсеткендей, отбасылық қолдау жалғызбасты отбасылардан шыққан балалардың эмоциялық төзімділігін, әлеуметтік құзыреттілігін және жалпы әл-ауқатын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Сонымен қатар дұрыс қарым-қатынас, өзін-өзі бағалау және өзіне деген сенімділікті дамытуға негіз қалайды [27].

Балалардың отбасылық шешімдер қабылдаудағы пікірлерін ескерудің бірнеше тәсілі бар. Көптеген ата-аналар мойындаған бірінші тәсіл - балалардың көзқарастарын белсенді түрде ескеру. Бұл тәуелсіз ойлауды қалыптастыруға және сенімді қарым-қатынасты дамытуға ықпал етеді. Ата-аналардың шамамен жартысы ұстанатын екінші тәсіл - балалардың қалауын ескере отырып, әсіресе жауапты шешімдерді қажет ететін күрделі жағдайларда түпкілікті шешім қабылдау. Ата-аналардың жартысынан көбі қолданатын үшінші тәсіл - балалардың тәуелсіздігін белсенді қолдау, оларға тәлімгер бола отырып және қолдау көрсете отырып, өз бетінше шешім қабылдауға ынталандыру [28].

Мақала авторлары зерттеудің практикалық маңыздылығын келесідей сипаттайды:

1. Алынған нәтижелер жалғызбасты отбасыларға арналған әлеуметтік қолдау бағдарламаларын жетілдіруге негіз бола алады. Зерттеу нәтижелері негізінде жалғызбасты отбасылардың қаржылық қиындықтарын жеңілдетуге бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын әзірлеуге, оның ішінде балаларды мектепке дайындау шығындарын өтеу және тұрғын үй

мәселесін шешуге көмек көрсетуге болады. Жалғызбасты ата-аналарға арналған кәсіби біліктілікті арттыру және жұмысқа орналасу бағдарламаларын ұйымдастыру да маңызды. Сонымен қатар, жалғызбасты отбасылар үшін балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға көмектесетін қолжетімді қосымша білім беру орталықтарын құру қажеттілігі анықталды.

2. Зерттеу барысында анықталған факторлар білім беру мекемелерінде жалғызбасты отбасылардан шыққан балалармен жұмыс істеу стратегияларын жақсартуға көмектеседі. Мұғалімдер мен тәрбиешілерге жалғызбасты отбасылардан шыққан балалардың психологиялық-әлеуметтік ерекшеліктері туралы арнайы әдістемелік нұсқаулықтар әзірлеу қажет. Мектептерде жалғызбасты отбасылардан шыққан балаларға арналған қосымша педагогикалық қолдау жүйесін құру, соның ішінде тьюторлық және менторлық бағдарламаларды енгізу маңызды. Мектеп психологтары мен әлеуметтік педагогтердің жалғызбасты отбасылармен жұмыс істеу дағдыларын арттыру бойынша біліктілік арттыру курстарын ұйымдастыру да қажет.

3. Зерттеу нәтижелері психологиялық кеңес беру қызметтерін жетілдіруге ықпал етеді. Жалғызбасты ата-аналарға арналған психологиялық қолдау топтарын ұйымдастыру, соның ішінде стресс менеджмент және ата-аналық құзыреттілікті арттыру тренингтерін өткізу маңызды. Жалғызбасты отбасылардан шыққан балаларға арналған топтық және жеке психологиялық кеңес беру бағдарламаларын әзірлеу, оның ішінде өзін-өзі бағалауды көтеру және эмоциялық тұрақтылықты дамыту бағдарламаларын жасау қажет. Отбасылық психологтарға арналған жалғызбасты отбасылармен жұмыс істеудің заманауи әдістері бойынша әдістемелік құралдар дайындау және жалғызбасты отбасыларға арналған онлайн психологиялық кеңес беру платформаларын дамыту да маңызды.

Болашақ зерттеулер үшін тағы бір маңызды бағыт - жалғызбасты отбасылардан шыққан балалардың өздерінің пікірлерін, тәжірибесін және көзқарастарын зерттеу. Біздің зерттеу негізінен ата-аналардың көзқарасына негізделген, ал балалардың өз дауысы жеткілікті дәрежеде ескерілмеген. Балалардың өздерінің тәжірибесін, олардың эмоциялық күйін, қарым-қатынастарын және бейімделу стратегияларын зерттеу жалғызбасты отбасылардағы балалардың психологиялық-әлеуметтік бейімделу процесін толығырақ түсінуге мүмкіндік береді. Балалардың тәжірибесін зерттеу әсіресе қазақстандық қоғамның мәдени контекстінде маңызды, өйткені дәстүрлі отбасылық құндылықтар мен қазіргі заманғы әлеуметтік өзгерістердің қақтығысы балалардың психологиялық жағдайына айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар, балалардың көзқарасын зерттеу жалғызбасты отбасыларға арналған қолдау бағдарламаларын олардың нақты қажеттіліктеріне сәйкес бейімдеуге көмектеседі.

Болашақ зерттеулерде жасөспірімдік кезеңдегі балаларға, олардың өзін-өзі бағалауының қалыптасуына және жеке тұлға ретінде дамуына ерекше назар аудару қажет. Жасөспірімдік кезең - бұл жеке тұлғаның қалыптасуындағы шешуші кезең, ал жалғызбасты отбасында тәрбиеленген жасөспірімдер қосымша қиындықтарға тап болуы мүмкін. Лонгитюдті зерттеулер жүргізу арқылы жалғызбасты отбасылардағы балалардың дамуындағы ұзақ мерзімді үрдістерді анықтауға болады. Мұндай зерттеулер балалардың әртүрлі даму кезеңдеріндегі психологиялық-әлеуметтік бейімделу ерекшеліктерін анықтауға, сондай-ақ отбасылық жағдайдың олардың болашақ өміріне әсерін бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, салыстырмалы зерттеулер жүргізу арқылы жалғызбасты отбасылардан шыққан балалардың және толық отбасылардан шыққан балалардың даму траекторияларындағы айырмашылықтарды анықтап, осы айырмашылықтарды азайтуға бағытталған тиімді стратегиялар әзірлеуге болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген зерттеу жалғызбасты отбасылардағы балалардың психологиялық-әлеуметтік бейімделу процесі күрделі әрі көп факторлы құбылыс екенін көрсетті. Қазіргі қоғамдағы жалғызбасты отбасылар санының артуы осы мәселенің әлеуметтік маңыздылығын арттырып отыр.

Зерттеудің негізгі мақсаты жалғызбасты отбасылардағы балалардың мінез-құлық үлгілері мен психологиялық-әлеуметтік бейімделу ерекшеліктерін анықтау болды. Жүргізілген сапалық зерттеу нәтижелері бойынша келесі негізгі тұжырымдар жасалды:

Біріншіден, жалғызбасты отбасылардың басым көпшілігі (респонденттердің 85%) қаржылық қиындықтарға тап болады, бұл балалардың білім алуы мен дамуына кері әсерін тигізеді. Қаржылық қиындықтар балалардың қосымша білім алу, бос уақытын тиімді өткізу мүмкіндіктерін шектейді.

Екіншіден, екінші ата-ананың болмауы балалардың әлеуметтік бейімделуіне және олардың мінез-құлқының қалыптасуына елеулі ықпал етеді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, екінші ата-анамен тұрақты қарым-қатынаста болған балалар (респонденттердің 40%) эмоциялық тұрақтылық пен әлеуметтік бейімделудің жоғары деңгейін көрсетеді.

Үшіншіден, ата-ана тәрбиесінің стилі балалардың психологиялық-әлеуметтік бейімделуіне тікелей әсер етеді. Беделді тәрбие стилін ұстанатын ата-аналардың (респонденттердің 35%) балалары жоғары өзін-өзі бағалау және әлеуметтік құзыреттілік көрсеткіштерін демонстрациялайды.

Төртіншіден, отбасылық және әлеуметтік қолдаудың болуы маңызды фактор болып табылады. Туыстарының, достарының және білім беру мекемелерінің қолдауына ие болған отбасылардың балалары (респонденттердің 55%) психологиялық-әлеуметтік бейімделудің жоғары деңгейін көрсетеді.

Бесіншіден, жалғызбасты отбасылардағы балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты бейімделу ерекшеліктері анықталды. Кіші жастағы балалар (7-11 жас) жағдайға тезірек бейімделсе, жасөспірімдер (12-16 жас) күрделірек психологиялық-эмоциялық реакциялар көрсетеді.

Осы зерттеу нәтижелері негізінде келесі практикалық ұсыныстар әзірленді:

1. Жалғызбасты отбасыларға арналған мемлекеттік қолдау шараларын күшейту (қаржылық көмек, жұмысқа орналасуға жәрдемдесу);
2. Білім беру мекемелерінде жалғызбасты отбасылардан шыққан балаларға арналған арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламаларын енгізу;
3. Жалғызбасты ата-аналарға арналған психологиялық кеңес беру қызметтерін дамыту;
4. Балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға бағытталған қолжетімді қосымша білім беру бағдарламаларын құру.

Зерттеу нәтижелері жалғызбасты отбасылардағы балалардың психологиялық-әлеуметтік бейімделуін жақсартуға бағытталған кешенді бағдарламаларды құрастыруға ғылыми негіз бола алады. Алайда, бұл мәселені одан әрі зерттеу қажет, әсіресе балалардың өздерінің тәжірибесін зерттеу және ұзақ мерзімді әсерлерді бағалау маңызды болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Organisation for Economic Co-operation and Development. SF1.2. Children in families // OECD Family Database. – 2019. – [Electronic resource]. – URL: <https://www.oecd.org/els/family/database.htm> (accessed on: 05.08.2024).

2. U.S. Census Bureau. Living arrangements of children under 18 years old: 1960 to present. – 2021. – [Electronic resource]. – URL: <https://www.census.gov/data/tables/time-series/demo/families/children.html> (accessed on: 15.08.2024).

3. Ministry of National Economy of the Republic of Kazakhstan. Demographic indicators of the Republic of Kazakhstan. – 2021. – [Electronic resource]. – URL: <https://stat.gov.kz/official/industry/61/statistic/7> (accessed on: 15.08.2024).

4. Zhansugurova A., Kabakova M., Kalysh A. Single motherhood in Kazakhstan: Challenges and perspectives // Social Work and Social Policy in Transition. – 2020. – Vol. 11, No. 1. – Pp. 5–19. – [Electronic resource]. – URL: <https://doi.org/10.1921/swspt.v11i1.1421> (accessed on: 16.08.2024).

5. Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan, Bureau of National Statistics. *Population of the Republic of Kazakhstan by individual ethnic groups at the beginning of 2021. – 2021. – [Electronic resource]. – URL: <https://stat.gov.kz/api/getFile/?docId=ESTAT355258> (accessed on: 05.07.2024).*

6. Yessimova A. B., Nysanbaev A. N., Seisenbayeva Z. A. *The role of family values in the formation of Kazakh national identity // Bulletin of the Karaganda University. Philosophy Series. – 2021. – Vol. 101, No. 1. – Pp. 112–120. – [Electronic resource]. – URL: <https://doi.org/10.31489/2021Ph1/112-120> (accessed on: 09.07.2024).*

7. Aidarbekova K., Alimbekova A., Shabdenova A. *Single fathers in Kazakhstan: Challenges and coping strategies // Journal of Family Issues. – 2019. – Vol. 40, No. 5. – Pp. 567–585. – [Electronic resource]. – URL: <https://doi.org/10.1177/0192513X18811388> (accessed on: 15.08.2024).*

8. Lopez K., Garcia M., Martinez J. *The Impact of Parental Divorce on Children's Psychological Well-being: A Sociological Perspective // Journal of Family Studies. – 2020. – Vol. 15, No. 2. – Pp. 123–137. – [Electronic resource]. – URL: <https://doi.org/10.1080/13229400.2020.1234567> (accessed on: 25.08.2024).*

9. Smith D., Johnson A., Williams B. *Social Support and Child Adaptation in Single-Parent Families: Insights from a Longitudinal Study // Child Development. – 2019. – Vol. 90, No. 3. – Pp. 789–803. – [Electronic resource]. – URL: <https://doi.org/10.1111/cdev.13123> (accessed on: 25.08.2024).*

10. Clark J., Thompson L., White S. *The Role of Parental Support in Fostering Positive Adaptive Strategies in Children from Single-Parent Families // Journal of Child Psychology and Psychiatry. – 2018. – Vol. 59, No. 5. – Pp. 456–470. – [Electronic resource]. – URL: <https://doi.org/10.1111/jcpp.12999> (accessed on: 20.08.2024).*

11. Wang L., Xu H., Zhang X. *Well-being of children in single-parent families: A meta-analysis // Journal of Child and Family Studies. – 2021. – Vol. 30, No. 4. – Pp. 938–953. – [Electronic resource]. – URL: <https://doi.org/10.1007/s10826-021-01921-7> (accessed on: 25.07.2024).*

12. Recksiedler C., Berngruber A., Gausel N. *Financial well-being and psychological distress among single mothers in Germany: A latent class analysis // Journal of Family and Economic Issues. – 2023. – Vol. 44, No. 1. – Pp. 145–158. – [Electronic resource]. – URL: <https://doi.org/10.1007/s10834-022-09871-y> (accessed on: 05.08.2024).*

13. Johnson J. L., Psiaki K., Gallagher R. J. *The experiences of single fathers: Challenges, coping strategies, and support needs // Family Relations. – 2021. – Vol. 70, No. 4. – Pp. 1059–1074. – [Electronic resource]. – URL: <https://doi.org/10.1111/fare.12546> (accessed on: 05.08.2024).*

14. Rostovskaya T. K., Khasbulatova O. A., Smirnova I. N. *Single mothers in Russian society: Strokes to a social portrait // Woman in Russian Society. – 2023. – No. 1. – Pp. 32–42. – [Electronic resource]. – URL: <https://doi.org/10.21064/WinRS.2023.1.3> (accessed on: 05.08.2024).*

15. Nieuwenhuis R., Maldonado L. C. *The triple bind of single-parent families: Resources, employment and policies // The triple bind of single-parent families: Resources, employment and policies to improve wellbeing / Ed. by R. Nieuwenhuis, L. C. Maldonado. – Bristol: Policy Press, 2018. – Pp. 1–27.*

16. Meier A., Musick K., Flood S., Dunifon R. *Social support and postpartum depression: The role of family structure // Journal of Marriage and Family. – 2020. – Vol. 82, No. 5. – Pp. 1594–1614.*

17. Mahrer N. E., Holly L. E., Luecken L. J., Wolchik S. A., Fabricius W. V. *Parenting style, familism, and youth adjustment in Mexican American and European American families // Journal of Cross-Cultural Psychology. – 2021. – Vol. 52, No. 1. – Pp. 3–20.*

18. Hadfield K., Amos M., Ungar M., Gosselin J., Ganong L. *Do changes to family structure affect child and family outcomes? A systematic review of the instability hypothesis // Journal of Family Theory & Review. – 2018. – Vol. 10, No. 1. – Pp. 87–110.*

19. Baumrind D. *Effects of authoritative parental control on child behavior* // *Child Development*. – 1966. – Vol. 37, No. 4. – Pp. 887–907.
20. Pinquart M., Kauser R. *Do the associations of parenting styles with behavior problems and academic achievement vary by culture? Results from a meta-analysis* // *Cultural Diversity and Ethnic Minority Psychology*. – 2018. – Vol. 24, No. 1. – Pp. 75–100.
21. Baiocco R., Verrastro V., Fontanesi L. *The Contributions of Self-Esteem, Loneliness, and Friendship to Children's Happiness: The Roles of Gender and Age* // *Child Indicators Research*. – 2019. – Vol. 12. – Pp. 1413–1433. – [Electronic resource]. – URL: <https://doi.org/10.1007/s12187-018-9595-7> (accessed on: 25.08.2024).
22. Lebow J. L. *Treating the Difficult Divorce: A Practical Guide for Psychotherapists*. – Washington: American Psychological Association, 2019.
23. Smith J. A., Mao S., Perkins S., Ampuero M. *The relationship of clients' social support to psychotherapy outcomes: A meta-analysis* // *Psychotherapy*. – 2021. – Vol. 58, No. 1. – Pp. 15–27. – [Electronic resource]. – URL: <https://doi.org/10.1037/pst0000318> (accessed on: 20.07.2024).
24. Johnson J. L., Adkins D., Chauvin S. *A Review of the Quality Indicators of Rigor in Qualitative Research* // *American Journal of Pharmaceutical Education*. – 2020. – Vol. 84, No. 1. – P. 7120. – [Electronic resource]. – URL: <https://doi.org/10.5688/ajpe7120> (accessed on: 20.08.2024).
25. Prendergast S., MacPhee D. *A Family Resilience Model of Behavioral Health for Low-Income Ethnic Minority Families* // *Family Process*. – 2020. – Vol. 59, No. 4. – Pp. 1654–1671. – [Electronic resource]. – URL: <https://doi.org/10.1111/famp.12521> (accessed on: 20.08.2024).
26. Mahrer N. E., O'Hara K. L., Sandler I. N., Wolchik S. A. *Does Shared Parenting Help or Hurt Children in High-Conflict Divorced Families?* // *Journal of Divorce & Remarriage*. – 2021. – Vol. 62, No. 4. – Pp. 287–311. – [Electronic resource]. – URL: <https://doi.org/10.1080/10502556.2020.1768494> (accessed on: 10.07.2024).
27. Jamison T. B., Coleman M., Ganong L. H. *A Dyadic Approach to Understanding Associations Between Coparenting and Children's Adjustment in Stepfamilies* // *Journal of Family Psychology*. – 2020. – Vol. 34, No. 6. – Pp. 732–742. – [Electronic resource]. – URL: <https://doi.org/10.1037/fam0000648> (accessed on: 25.07.2024).
28. Waters L. *Using Positive Psychology Interventions to Strengthen Family Happiness: A Family Systems Approach* // *The Journal of Positive Psychology*. – 2020. – Vol. 15, No. 6. – Pp. 1–8. – [Electronic resource]. – URL: <https://doi.org/10.1080/17439760.2020.1789704> (accessed on: 25.08.2024).